

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ НЫШАНДАРЫ

Мемлекеттік рәміздер жәй ғана символдар емес – елдігіміздің белгісі. Тәуелсіздігіміздің тектілік тұғыры, елдің рухани коды, тарихи жадымыздың көркем шежіресі.

Олардың бейнесінде елдік мұрат, ұлттың танымы мен тағдыры тұнып тұр. Мемлекеттік Ту – бейбіт аспан астында еркін самғаған рухтың, Елтаңбамыз – бірлік пен берекені ту еткен Ұлы Дала елінің нышаны. «Менің Қазақстаным» Әнұраны – жүрек тебіренер ұлы сарын, ұлт намысының ұстыны. Осы рәміздерімізбен жас ұрпақ бойына отансүйгіштік, елге адалдық, халыққа қызмет ету секілді асыл қасиеттер дариды. Өйткені, Ту – азаматтық жауапкершілік. Елтаңба – ел аманатын арқалаған сенім. Әнұран – жанымыздың дүрсілі, жүрегіміздің лүпілі.

Мемлекеттік рәміздерге құрмет – туған елге, Отанға деген шынайы перзенттік махаббаттың көрінісі. Бұл – ұлт болмысына, мемлекет тәуелсіздігіне тағзым. Біз Туды көтергенде – рухымыз көтеріледі. Елтаңбаны көргенде – елжандылық сезіміміз оянады. Әнұран орындалғанда – бойымызды мақтаныш кернейді. Сондықтан әрбір азамат рәміздерге құрметпен қарап, оларды тек ресми салтанаттарда ғана емес, күнделікті өмірде де қадірлей білуі керек. Бұл – елді сүюдің, еркіндікті бағалаудың және бабалар аманатына адал болудың шынайы белгісі.

Жас ұрпақ Туды көріп, Елтаңбаны танып, Әнұранды жаттап өсуі тиіс. Бала жастан Көк байраққа қарап бой түзеген ұрпақ Отанның қадірін ерте ұғады. Әнұранмен таңын атырған, Елтаңбадан ел тарихын оқыған өреннің жүрегіне ұлт намысы ұялайды. Бұл – тәрбие! Бұл – ұлт болашағына берілген үнсіз сабақ. Ұлт тағдыры Тудың көлеңкесінде, Елтаңбаның бедерінде, Әнұранның әуенінде тоғысып тұр. Оларды қастерлеу – өзімізді қастерлеу!

Қазақ «Ел болам десең – бесігінді түзе» дейді. Ал бүгінгі ұрпақ бесігінің басында тәуелсіздіктің рәміздері тұрса, болашағымыз баянды болмақ. Себебі, рәміздерді құрметтеген ұрпақ – елді құрметтейді. Елін сүйген ұрпақ – ешқашан тізе бүкпейді. Қасиетті рәміздеріміз жасай берсін! Қазақстанның Көк байрағы көгімізде әрдайым асқақ желбірей берсін!

(Мемлекеттік рәміздер күніне арналған топтаманы 7-беттен оқыңыздар).

ӘКІМ

МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР

Шаһар басшысы Алатау ауданындағы нысандарды аралады



Алатау ауданына жұмыс сапары аясында Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды көлік, коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған инфрақұрылымдық жобалармен танысты.

Шаһар басшысы ең алдымен, Саин көшесін Рысқұлов даңғылынан Ақын Сара көшесіне дейін ұзарту жөніндегі жұмыстың барысын тексерді. Жоба көлік байланысын жақсарту стратегиясының бір бөлігі. Құрылыс жұмыстары осы жылдың қараша айында аяқталады деп жоспарланып отыр.

Ұзарту жобасын іске асыру Тілендиев

көшесі мен УАК бойындағы көшенің, сондай-ақ көршілес аралықтардағы жүктемені азайта отырып, Саин көшесі арқылы өтуді қамтамасыз етеді.

«Әйгерім» шағынауданындағы құрылысы аяқталмаған су құбыры және кәріз желілерінің жай-күйімен танысқан қала әкімі, құрылыс-монтаж жұмыстарын шілде айында кестеге сәйкес бастауды тап-

сырды. Бүгінде жаңа ЖСҚ (жобалау-сметалық құжаттама) әзірленуде. «Саялы» шағынауданындағы ауысымда 200 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулатория бойынша жұмыстың 70%-ы орындалған. Жаңа амбулаторияның құрылысы біткен соң «Саялы-1, 2» және «Көкқайнар» шағынаудандарының 30 мың тұрғынға сапалы медициналық көмек қолжетімді болмақ.

Боралдай өзені арнасының ұзындығы 2 шақырым болатын учаскесін реконструкциялау, іргелес аумақты абаттандыру барысы да әкім назарындағы мәселе. Жобаны іске асыру Ақбастау көшесінің су басқан учаскесіндегі жағдайды шешуге мүмкіндік бермек.

Ал Батыс кәріз коллекторы іске қосылған кезде (аяқталуының жоспарланған мерзімі – 2026 жылғы қараша) Наурызбай, Алатау аудандарының бір бөлігінің және Алматы облысы, Іле ауданының қалаға іргелес «Аманат» кентінің тұрғындары орталықтандырылған су бұрумен қамтамасыз етіледі. 2025 жылдың ақпан айында Алатау ауданында кәріз сорғы станциясының құрылысы басталды. Бұл кәріз коллекторының өткізу қабілеті 400 мыңға жуық адамға қызмет көрсетпек.

Жұмыс сапарын қорытындылаған Дархан Сатыбалды қарқынды дамып келе жатқан аудандарда көлік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың маңызды екенін айтып, барлық жобалардың сапалы іске асырылуын қамтамасыз етуге тапсырма берді.

ЗАМАНДАС

БОЗ КІЛЕМНІҢ БАТЫРЫ

Үлкен спортты бағындырып жүрген мемлекеттік қызметкер келбеті

Тайвань елінде тарихта алғаш рет Халықаралық Олимпиадалық комитеттің ұйымдастыруымен шеберлер арасында дзюдодан өткен Бүкіләлемдік жазғы ойындарында қоладан медаль таққан алматылық Әбу-Дастан Зиналиев – мемлекеттік қызметші. Ал мемлекеттік қызметте жүріп те үлкен спорттың олимпін бағындырып келе жатқан білекті, жүректі азаматтар қазір некен-саяқ.



Нұржамал
ӘЛІШ

Біз бүгін күрестен екі дүркін әлем чемпионы, бірнеше мәрте қола және күміс жүлдегер, 16 жылдан астам уақыттан бері мемлекеттік қызметте жүрген Алматы қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасының бөлім басшысы Әбу-Дастан Арапұлы туралы аз-кем айтатын боламыз.

Өткенге сәл шегініс. Әбу-Дастан мұғалімдер отбасында дүниеге келген. Әкесі Зинали ұлының кеудесіндегі сәулені ертерек байқап, ғалым інісі Адам Мекебаев секілді жазушы болғанын қалап, үйдегі жеке кітапханасындағы әлем классиктерінің бүкіл шығармасын оқытты. Төртінші сыныптан бастап ауылдағы музыка үйірмесіне де берді. Бірақ алғыр да, зерек кішкентай Әбу-Дастан екі жыл-

да бүкіл нотаны жаттағанмен, бірде-бір музыкалық аспапты игере алмапты. Сол жылдары музыка үйірмесінің жанында орналасқан спорт мектебіне қашып кете беретін болыпты.

Әкесі оны алтыншы сыныбында Алматыдағы журналист дайындайтын екі мектепке оқуға түсіреді. Мұнда жүріп те спортқа көңілі ауа беріп, бокс, күрес үйірмесінен табылды. Тоғызыншыда оқып жүргенде ауылға оралып, күресті қайта бастайды. Бірақ тоқырау жылдары ол мектеп жабылып қалады. Дегенмен, спортқа деген ықыласы артпаса, кемімеген Әбу-Дастан өз бетінше жаттығуды тоқтатпайды.

Нағыз шыныққан шаққа қадам басқан студент кезінде еркін күрестің атақты бапкері даңқты балуан Хайдар Қарпықовта, Әділбек Серікбаевта жаттығып, самбодан спорт шебері дәрежесіне дейін жетті.



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



Алматы қаласы мәслихаты:

ДЕПУТАТТАР ҚАНШАЛЫҚТЫ БЕЛСЕНДІ?

2025 жылы 22 мамырда Алматы қаласы Мәслихатына ресми сұрау жолдаған едік. Онда жергілікті өкілді орган депутаттарының жергілікті атқарушы органдарға жолдаған сауалдары бойынша 4 сұрақ қойдық. Мақсатымыз – сауалдардың саны арқылы бірмандатты округтер және партиялар фракциялары бойынша салыстырып, белсенділігін анықтау болды. 28 мамырда сұрауымызға жауап келді. Ендеше, мақаламызда сұрақ-жауаптарды жүйеге келтіріп талдайық. Сонымен:

- 2025 жылдың 3 қаңтар – 16 мамыр аралығында Мәслихат депутаттары әкімге, тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасына және мүшесіне, прокурорға және орталық мемлекеттік органдар аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың лауазымды адамдарына өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қанша депутаттық сауал жолдады?
- Саяси партиялардың фракциялары және өзге де қоғамдық бірлестіктер, депутаттық топтар түрінде депутаттық бірлестіктер бойынша әрқайсысы жоғарыдағы кезеңде қанша сауал жолдады?
- Бірмандатты округтер бойынша Мәслихатқа сайланған депутаттардың әрқайсысы жоғарыдағы кезеңде қанша сауал жолдады?
- Жоғарыдағы кезеңде жолданған депутаттық сауалдардың қаншасына тиісті адресаттан жауап келді?

Мажоритарлы сайлау жүйесі өз жемісін беруде

Берілген жауаптарды талдай келе партия фракцияларына қарағанда бірмандатты округтер бойынша сайланған депутаттардың белсендірек екенін байқадық. Демек, 2023 жылы сайлауға енгізілген мажоритарлы сайлау жүйесі өз жемісін беруде. Бұл пікірімізге сын айтушылар да болуы мүмкін. Алайда, сандар осы ойымызды дәлелдеп тұр.

Биыл 3 қаңтар – 16 мамыр аралығында Мәслихат депутаттары 533 сауал жолдаған. Оның 312-сі бірмандатты округтер бойынша сайланған депутаттарға тиесілі. Демек, сауалдардың жартысынан көбін (58,5%) өзін-өзі ұсынғандар жолдаған.

Сауалды көп жолдағандар

Бірмандатты депутаттардың ішінен Тимур Елеусізов (42), Алтынай Көбеева (39) және Қарашаш Джузеева (28) ең көп сауал жолдаған. Ал З.Өмірбаева, М.Өтемісов, Ә.Нәбиев, Ә.Тұрсын, Е.Сауранбаев, Е.Рақышев, Б.Ибрагимұлы, Д.Тастекеев, С.Козлов және Қ.Бегалин секілді депутаттардың әрқайсысы 4 ай ішінде 10-нан аз сауал жолдаған екен.

Төмендігі кестені Мәслихаттың ресми жауабына



(Дереккөз: Алматы қ. әкімдігінің баспасөз қызметі).

сүйене отырып дайындадық. Онда бірмандатты округтер бойынша сайланған депутаттардың округтері мен жолдаған сауал сандары толық көрсетілген.

Округі	Бірмандатты округтер бойынша сайланған Алматы қ. Мәслихаты депутаттары	Саны
№8	Тимур Елеусізов (партиясыз)	42
№7	Алтынай Көбеева («АМАНАТ»)	39
№16	Қарашаш Джузеева (партиясыз)	28
№2	Дастан Жантелиев («АМАНАТ»)	22
№4	Елена Бакарасова («АМАНАТ»)	22
№21	Дулат Рамазанов («АМАНАТ»)	21
№3	Гүлжан Бекенова («АМАНАТ»)	19
№12	Мұхтар Зулеев («АМАНАТ»)	18
№6	Бақытбек Жұмабаев («АМАНАТ»)	17
№20	Андрей Шин («АМАНАТ»)	17
№19	Зия Талғатов («АМАНАТ»)	15
№5	Зәуреш Өмірбаева («АМАНАТ»)	8
№15	Мұрат Өтемісов (партиясыз)	8
№17	Әміржан Нәбиев («АМАНАТ»)	7
№1	Әкім Тұрсын («Республика»)	6
№13	Ералы Сауранбаев («АМАНАТ»)	6
№14	Еркінбек Рақышев (партиясыз)	5
№10	Болат Ибрагимұлы («АМАНАТ»)	4
№18	Дулат Тастекеев («Ақ жол»)	4
№9	Сергей Козлов («АМАНАТ»)	2
№11	Қайрат Бегалин («Республика»)	2

«АМАНАТ» көш бастап тұр, алайда...

2023 жылғы сайлау қорытындысы бойынша Алматы қаласы Мәслихатына 5 саяси партия өткен. Олар

«Аманат», «Республика», «Ақ жол», «Байтақ» және Қазақстанның Халық партиясы (ҚХП). Депутаттық сауалдар саны бойынша «Аманат» партиясы сенімді түрде көш бастап тұр. Билеуші партия депутаттары 422 сауал жолдаған. Алайда, бұл санның ішінде бірмандатты округтер бойынша сайланған депутаттар да бар. Өзін-өзі ұсынған 21 депутаттың 14-і «Аманат» партиясының мүшесі. Оларға А.Көбеева, Ж.Дастан, Е.Бакарасова, Д.Рамазанов, Г.Бекенова, М.Зулеев, Б.Жұмабаев, А.Шин, З.Талғатов, З.Өмірбаева, Ә.Нәбиев, Е.Сауранбаев, Б.Ибрагимұлы және С.Козлов кіреді. Осы аталған депутаттардың сауалдарын қосатын болсақ 217 болады. Демек, «Аманат» партиясы тізімі бойынша сайланғандар 205 депутаттық сауал жолдаған. Бұдан

422 сауалдың жартысынан көбін бірмандатты округтен сайланған депутаттар жолдағанын көреміз.

Фракциялар	Сауалдар саны	Оның ішінде бірмандат бойынша сайланғандары
«АМАНАТ»	422	217
«Республика»	11	8
ҚХП	7	-
«Байтақ»	3	-
«Ақ жол»	2	4

Осы орайда, мына жәйтті ескерте кеткен жөн. Дулат Рамазанов 2023 жылы сайлау алдында өзін партиясыз екені туралы ақпарат берген. Бірақ Мәслихат сайтында «Аманат» партиясының мүшесі екені жазылған. Сол сияқты, Андрей Шин сайлау алдында осы партия мүшесі екені туралы ақпарат берген, алайда қазір сайтта қай партия мүшесі екені жазылмаған. Ал Тимур Елеусізов осыдан екі жыл бұрын «Байтақ» партиясы мүшесі екені туралы ақпарат берген. Бірақ қазір сайтта партиясыз деп жазылған.

Қорытындылай келе, Алматы қаласы Мәслихаты депутаттары сауал жолдаудан белсенді екенін байқадық. Қала берді, барлық сауалға жергілікті атқарушы органдар жауап берді делінген ресми Мәслихаттың жауабында. Сондай-ақ, бірмандатты округтен сайланған депутаттар фракцияларға қарағанда белсенді жұмыс істеуде.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

ЗИЯТКЕРЛІК ЖОБА

ЗЕРЕК ЖАСТАР ЖАРЫСЫ

Алматыда «IQ-ALA JASTARY» финалы өтті



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Алматы жастары асыға күткен «IQ-ALA JASTARY» интеллектуалды ойынының финалдық кезеңі тартысты өтті. Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің акт залында өткен жарысты Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Жауһар» қоғамдық қоры ұйымдастырған болатын. Зияткерлік дода Мемлекеттік рәміздер күніне орайластырылған.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жобаның мақсаты – жастардың білімге деген құштарлығын арттыру, сыни және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, шығармашылық әлеуетін шыңдау және ұлттық құндылықтарды насихаттау.

Білім бәсекесіне Алматы қаласынан студенттік лига бойынша – 29, белсенді жастар – 26, жұмысшы жастар – 22 және әртүрлі санаттағы жастарға арналған жастар лигасы бойынша – 24 өтінім, жалпы саны 101 өтінім келіп түскен. Ойын төрт негізгі лига бойынша ұйымдастырылды.

Финалдық кезеңге өткен 19 үздік команда 7 тур бойы әртүрлі бағыттағы сұрақтарға жауап беріп, білімдері мен логикалық ойлау қабілеттерін ортаға салды. Нәтижесінде 1-орын – «А-team» коман-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Исмаил Нұрислам,
«Жауһар» қоғамдық қорының директоры:

– Биыл «IQ-ALA JASTARY» ойынына мыңнан аса жас қатысты. Іріктеу кезеңдерінде 100-ден аса команда өзара бақ сынады. Соңғы финалға әр лига бойынша 5 үздік командадан іріктеліп, 20 команда жолдама алды. Жүлде қоры – 1 000 000 теңге. Бұл – жастарды ынталандырудың бір жолы. Финал төрінде төрт түрлі санаттағы командалар – студенттер, жұмысшы жастар, белсенді жастар және түрлі әлеуметтік топтар өкілдері өзара білім мен логика бойынша сынға түсті.



Суретті түсірген Қ. ҚОНЫСБАЕВ

● **МЕРЕЙТОЙ**

ҰЛТҚА МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ

Мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш СҰЛТАНОВ – 80 жаста!

Алматыдағы Ұлттық кітапханада көрнекті қаламгер-журналист, саясаткер, дипломат Қуаныш Сұлтановтың «Қазақтың Қонаевы», «Отыз жылдағы ой-толғау» атты екі кітабының таныстырылым-тұсаукесер рәсімі өтті.

Жиынға қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, саясаткерлер, мәдениет пен өнер өкілдері қатысып, Қуаныш Сұлтановтың жүріп өткен өмір жолынан естеліктер айтып, әр кезеңдегі қызметтері жайында ой өрбітті.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында ғана Қуаныш Сұлтановқа «Отан» орденін табыстаған болатын. Сондай-ақ, Сенат спикері Мәулен Әшімбаев пен Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов та мерейтой иесіне құрмет көрсеткен еді. Алқалы жиын ортасында Д.Қонаев атындағы қоғамдық қор өкілдері мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтановқа «Қонаев орденін» табыстады.

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ақын Нұрлан Оразалин мерейтой иесінің кеңескер тұлға Димаш Ахметұлымен бірге қызмет істегенін, Тәуелсіздіктен бері ел

тірлігіне елеулі үлес қосып келе жатқанын атап өтті. Алғашқы Ақпарат министрі, Үкімет төрағасының орынбасары, Қытайда Қазақстан Республикасының елшісі болды. Сенатор, Мәжіліс депутаты және түрлі лауазымды қызметтер атқарды. Қайда жүрсе де ұлтқа мінсіз қызмет етті. «Жаркентте туып, Жоңғар тауын асып, Ілені кесіп өтіп, қазақтың идеологиясына қызмет етті. Кеңес дәуіріндегі мемлекет қайраткерлері Илияс Омаров, Темірбек Жүргенов, Өзбекәлі Жәнібековтердің ізін жалғап, ұлт руханияты мен мәдениетін биікке көтерді.

Ең әулі ол – қаламгер-журналист. Оның бес түрлі қырын атадым. Корректордан – редакторға, комсомолдан – вице-премьерге, депутаттан – қайраткерге дейін көтерілді. Ол алаштың ардақты перзенті», – деді Нұрлан Оразалин.

Таныстырылым рәсімінде көпшілік

оқырманға жол тартқан кітап жайында, тұлғаның жүріп өткен өнегелі қызметтік жолы туралы бірқатар меймандар ой-пікір білдіріп, естеліктер айтты.

– Қуаныш Сұлтанов ағамыз жұртқа жанашыр жан. Алматы облысының әкімі болып тұрғанымда үнемі ақылдасып, кеңесіп отыратынбыз. Ағамыз Астанада лауазымды қызметтерде жүрсе де, әркез елдің қамын ойлап жүретін тұлға, – дейді «Парасат» орденінің иегері Амандық Баталов.

Қаламгер әріптесіміз Ақбар Мәжит мерейтой иесінің бірқатар жыр Бейжіңде, Қазақстанның бас елшісі болып жұмыс істегенін еске алды: «Көрші елде Қуаныш Сұлтанов жүзі шырайлы қазақ елшісі, білікті дипломат ретінде танымал еді. Қуаныш ағамыз екі ел арасындағы тату көршілік достықты, берік ынтымақтастықты қалыптастыруға атсалысты.

Ағамыздың кітабының таныстырылуына келіп қатысқанымыз үшін де қуаныштымыз. Бұл екі еңбек, ең алдымен – тарихқа жауапкершілік деп қарау керек. Егер тарихи шындық айтылмаса бұрмаланып кетеді. Сондықтан бүгін қолымызға

✓ **ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ**



Эльдар ҚОНАЕВ,
Д.Қонаев қоры басшысы:

Елге еңбегі сіңген тұлға

Кітапты оқып, қайран қалдым. Әсіресе, Кеңестік Қазақстан басшысы Димаш Ахметұлының жүріп өткен өткелдері, қиын уақыттары анық жазылған. Сол дәуірдің бәрін көзімен көріп, ішінде болды. Тәуелсіздікке дейін де, кейін де өте жауапты қызметтер атқарды. Қуаныш Сұлтановтың жүріп өткен жолын, елге сіңірген қызметін, мемлекеттік қызметтегі беделді абыройын ел мен жұрт жоғары бағалайды. Сондықтан құрмет пен қошемет көрсетіп, мерейін асқақтатып келеді.

тиген туындылар – өте маңызды шығармалар. Ағамыз 100 жасқа келсін. Ағайын-туысқа бақ-береке тілейміз».

Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

● **ЗАМАНДАС**



БОЗ КІЛЕМНІҢ БАТЫРЫ

Үлкен спортты бағындырып жүрген мемлекеттік қызметкер келбеті

(Басы 1-бетте)

Әкесі білекті ұлдың таңдаған жолын түсініп, құптап, батасын беріп, бастамашыл болып, бауыры Дәулеттің ұйымдастыруымен 2015 жылы КЕТЕ ПРАЙД клубын ашты. Осы клубтан дзюдо, самбо күресінен әлем, олимпиада жеңімпаздары шықты.

Әбу-Дастан Зиналиев жиырма жасында шаңырақ көтеріп, бала тәрбиесі, отбасы құндылығын дәріптеу деген тіршілік тербелісінде қоғамдық жұмыстармен де айналысты, эколог-волонтер да болды. Мемлекеттік қызметті де қатар ұстап жүрген сәтінде арада жиырма жылдан аса уақыт үзіліс болып қалғаны бар. Бірақ спортқа деген махаббаты сонша жыл жүрегінің түбінде құндақтаулы жатқан болатын. Сол ынта-ықылас Дастан Зиналиевті боз кілемге қайтадан жетелеп әкелді.

Енді, міне, үш жылдан бері еліміздің Көк байрағын әлемдік додаларда желбіретіп жүр.

Дзюдо, самбо, қазақ күресі, еркін күрестен республикалық турнирлердің, Ресей, Болгария, Греция, Хорватия, Тәжікстанда өткен Әлем чемпионаттарының бірнеше дүркін жеңімпазы және жүлдегері. Оның жүлде қоры Түіе балуан, жауынгерлік күрестен, греппинг күресінен, джиу-джитсудан да толыққан.

Ал биылғы мамырда Тайваньда қол жеткізген айтулы жүлдесі Әбу-Дастан Зиналиевтің нағыз күрескер спортшы екендігінің тағы бір дәлелі. Бүгінгі күні дәл осылай шеберлер (ардагер) арасында күресіп жүрген спортшылардың ішінде мемлекеттік қызметпен қатар қырықтан асқанда ерлер арасынан Әлем чемпионы, бірнеше рет финалға шығып жүлдегер болғаны кемдекем.

✓ **ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ**

Талғат АБДУЛЛАЕВ,
Алматы қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасының бас маманы:
МІНЕЗДІ МАМАН

Әбу-Дастан Зиналиев басқарманың жер-өндірістік бөліміне жетекшілік етеді. Халықпен, әлеуметпен тікелей байланыста жұмыс істейтін ең күрделі сала. Мегаполистің жер учаскелерін беру немесе нысаналы мақсатын өзгерту тұрғысындағы мәселелерді шешумен айналысады. Күніне 40–50 өтінішті қарауына тура келеді. Өзі спорттың адамы болғандықтан ба, аса ұстамды, дипломат, үлкен-кішімен де тіл табыса кетеді. Қазір жұмысымыздың бәрі цифрландыруға көшкенімен, мәселенің мән-жайын көзбе-көз жүздесе отырып білгісі келетін тұрғындар да бар. Жасыратыны жоқ, кейде жәй келмей, мінез көрсете келетіні де жоқ емес. Сондай сәттерде Әбу-Дастан Арапұлының бәрін байсалды қарсы алып, сабасына түсіріп, мән-жайды сабырмен түсіндіріп, мәселесін оң шешіп, шығарып салып тұрғанын талай көргенбіз. Спорттың мінезді де тәрбиелейтіні рас-ау.

Дәулет ТЕМІРЖАН,
дзюдодан Паралимпиада ойындарының күміс жүлдегері:
АРМАНШЫЛ, КҮРЕСКЕР АЗАМАТ

Маған Әбу-Дастан Арапұлының еңбекқорлығы, алтын уақытын ұтымды пайдалана білетін қасиеті ұнайды. Жастардың санасына жігіттің жауы жалқаулық екенін үнемі құйып отырады. Өте тамаша адам. Білікті тренер. Боз кілемде бірге жаттығамыз. Өзін үлкенмен де, кішімен де тең ұстайтыны көпке үлгі боларлық.

Ұйымдастырушылық қабілеті өте зор. Айналасына спортты сүйетін жасөспірімдер тұрмақ, өзінің қатарластары да топтаса қалатынына таңданамын, өте көпшіл адам. Шәкірттері арасынан Әлем және Олимпиада чемпиондары көптеп шықса деген асқақ арманы да бар. Ол мұратына жететіні де анық. Мен мемлекеттік қызметте жүрсе де жүрек қалауынан алыстай алмаған шын күрескер осындай спортшы азаматпен бірге жүргенімді мақтан етемін.



ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

НЕСИЕ мен НЕСІБЕ

Қаржы еркіндігі ме, қарыз қақпаны ма?

Қазіргі заманның экономикалық жүйесін несиесіз елестету мүмкін емес. Кез келген елдің банктік секторында несие беру – қаржылық айналымның қозғаушы күші. Дегенмен, бұл жүйенің ел өміріне, жеке адамның тұрмысына, тіпті қоғамның тұтастығына қаншалықты пайдалы немесе қауіпті екені туралы ойлану – бүгінгі күннің аса өзекті тақырыбына айналды. Несие бізге қаржылық еркіндік бере ме, әлде еркіндігімізді шектей ме? Ол жеке тұлғаның армандарын жүзеге асыратын құрал ма, әлде сол арманның күлін көкке ұшырататын қақпан ба?

А

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Әлеуметтік қиындық:
екі түрлі көзқарас

Банктер мен микроқаржы ұйымдары арқылы берілетін несие – бүгінгі тұтынушылық қоғамның айнасы. Енді қарапайым халық та, кәсіпкер де, студент те, зейнеткер де несиемен «дос». Алайда, бұл «достықтың» салдары бірдей емес. Бірі несиені мақсатты түрде жоспарлап, өмірін жақсартса, енді бірі ойланбай алған қарыздың астына қалып, психологиялық күйзеліске, әлеуметтік қиындыққа тап болады. Осы орайда қоғамда қалыптасқан екі түрлі көзқарас бар. Бірі «Несие – мүмкіндіктер әлеміне жол ашатын тиімді қаржы құралы» десе, екіншісі «Несие – адамның еркіндігін шектейтін заманауи құлдықтың бір түрі» дейді. Бұл екі пікірдің да негізі жоқ емес.

Несие – егер сауатты қолданса шынымен де дамуға мүмкіндік береді. Қазақстанда көптеген кәсіпкерлер алғашқы кәсібін дәл осы банктен алған шағын несиемен бастаған. Мысалы, ауылдық жерде тұратын азамат мал шаруашылығына несие алып, оны тиімді жұмсап, табысын еселеп, жаңа жұмыс орындарын ашуы мүмкін. Бұл – нақты даму. Өкінішке қарай, көп жағдайда жеке тұлғалар несиені қаржылық сауатсыздықпен алады. Көп адам несие алу кезінде пайыздық мөлшерлемені, төлем мерзімін, жасырын комиссияларды толық зерттемейді. Кейбір банктер мен микроқаржы ұйымдары ақпаратты түсініксіз етіп ұсынады. Нәтижесінде адам 500 мың теңге алғанымен, бірнеше жылдан соң оны 1,5–2 миллион теңге көлемінде қайтаруға мәжбүр болады.

Бұл – экономикалық әділетсіздік қана емес, әлеуметтік трагедияға айналып жатқан жағдай. Бүгінде Қазақстанда тұтынушылық несиеге деген сұраныс жоғары. Халықтың көбісі күнделікті өмір қажеттілігін – азық-түлік, киім, телефон, тұрмыстық техника, тіпті баласының тойын өткізу үшін де несие алады. Бұл – «қарызға өмір сүру» мәдениетінің қалыптасқанын көрсетеді. Қоғамда материалдық игілікке ие болуды мәртебе санайтын көзқарас күшейген сайын несие алуға деген бейімділік арта түседі. Бұның түпкі себебі – әлеуметтік қысым мен жарнамалардың да әсері секілді.

Әлеуметтік желілер мен жарнама арқылы жасалған «бақытты өмірдің» бейнесі көп адамды қаржылық мүмкіндігіне қарамай, қымбат заттарды сатып алуға итермелейді. Бөлшектеп төлеу, «0-0-24» секілді ұсыныстар арқылы адамдар шынайы табысын емес, болашақтағы табысын жұмсай бастайды. Нәтижесінде адам өзінің еркіндігінен айырылып, ай сайынғы несиелік төлемге тәуелді болып қалады. Уақыт өте келе бұл күйзеліске, отбасылық жанжалға ұласады, тіпті несиені төлеу үшін заңсыз әрекетке баруға дейін жеткізетін жағдайлар да кездеседі.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бауыржан ЫСҚАҚ, экономист:

Нарықты жандандыратын маңызды тетік

Несие, ең алдымен, халықтың белгілі бір тауарлар мен қызметтерге қолжетімділігін арттыратын құрал. Себебі, бүгінде көлік, баспана алу немесе кәсіп бастау үшін көп азаматтардың қолында жеткілікті қаражат бола бермейді. Мұндай жағдайда несие белгілі бір деңгейде пайдалы бола алады. Екіншіден, несие – тұтынушылық сұранысты арттыру арқылы ішкі нарықты жандандыратын, экономиканы ынталандыратын маңызды тетік. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан ұсынылатын жеңілдетілген несие түрлері кәсіпкерлерге өз ісін дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

Алайда, зиянды тұстарын да жоққа шығаруға болмайды. Ең алдымен, шектен тыс қарыздық жүктеме мәселесі өзекті. Табысынан әлдеқайда жоғары көлемде несие алған азаматтар үшін оны өтеу қиынға соғады. Бұған қоса, тұрақты табысы жоқ адамдардың да несие рәсімдеуі үлкен тәуекел. Кейбір банктер несие берерде клиенттің нақты қаржылық жағдайын жіті тексермей, кейін төлемнің кешіктірілуіне жол ашады. Сонымен қатар, несие адамның психологиялық күйіне, отбасылық қарым-қатынасына, жалпы өмір сапасына да кері әсер етуі мүмкін. Қарыздың салмағы әлеуметтік қысым мен күйзелісті күшейтеді. Сондықтан да несиенің тиімді қаржы құралына айналуы – халықтың қаржылық сауатына байланысты.

Қаржылық сауаттылық

Несие мәселесінде басты рөлді қаржылық сауат атқарады. Егер адам өз табысын, шығынын есептеп, нақты жоспармен несие алса, онда бұл шешім тиімді болары анық. Бірақ қаржы мәдениеті қалыптаспаған қоғамда бұл жүйе теріс нәтижеге әкеледі. Халық арасында «несие алмасақ, өмір сүру мүмкін емес» деген түсінік орнығып бара жатқандай. Бұл – аса қауіпті үрдіс. Мұндай психология адамды жеке қаржысына ие болу құқығынан айырып, сыртқы ресурстарға тәуелді етеді. Қаржылық сауаттылық тек несие алу кезінде ғана емес, оны төлеу тәртібінде де маңызды. Көпшілік табысы азайған кезде бірінші кезекте несиені емес, басқа шығындарды қысқартуға тырысады. Бұл дұрыс стратегия емес. Несие – заңды міндеттеме. Оны кешіктірсеңіз, кредиттік тарихыңыз бұзылады, болашақта несие алу мүмкіндігіңіз шектеледі. Осы себептен дамыған елдерде әр азамат қаржылық жоспарлауға жауапкершілікпен қарайды.

Тағы бір маңызды мәселе – жастардың несиеге тәуелді болуы. Университет бітірмеген студенттің өз атына бірнеше онлайн несие рәсімдеуі таңсық емес. Бұл – сандық жүйенің артықшылығымен қатар, бақылаусыздығының да белгісі. Қазір онлайн несие рәсімдеу үшін банкке барудың қажеті жоқ: бірнеше минутта телефон арқылы несиені ала салуға болады. Бұл ыңғайлы, бірақ сондай-ақ қауіпті де. Себебі, мұндай жылдамдық адамға ойлануға, жоспарлауға уақыт қалдырмайды. Көбінесе шешім эмоционалдық әсермен қабылданады.

Несие – өзінің табиғаты бойынша бейтарап құрал. Ол ниетке, мақсатқа және тәсілге қарай пайдалы да, зиянды да бола алады. Егер адам несиені нақты қажеттілік үшін, табысына сай мөлшерде, пайыздық шарттарды зерттей отырып алса, онда бұл шешім

өмірін жақсартуға көмектесуі мүмкін. Ал керісінше жағдайда, несие – қаржылық күйреудің бастауы болмақ. Бұл – тек экономикалық емес, адамгершілік және мәдени мәселе де. Себебі, несиелік тәуелділік адамның рухани азаттығына да әсер етеді. Сөзімізді түйіндесек, несие – құтқарушы ма, құрдым ба деген сұрақтың жауабы әркімнің қаржылық мәдениетіне, шешім қабылдауына, табыс деңгейіне және өмірлік басымдықтарына байланысты. Біреу үшін ол – жаңа өмірге бастар жол болса, екінші адам үшін – тұйық шеңбер. Ең бастысы – қаржылық сауатты болу, табысыңнан аспайтын міндеттеме алу және болашақты жоспарлай білу. Сонда ғана несие құрдым емес, құтқарушы бола алады.

Несие – міндет,
ал банкроттық – соңғы шара

Бүгінде қоғамда қаржылық жауапкершілікке байланысты маңызды проблемалардың бірі – банкроттық институтының дұрыс қолданылмауы. Кей азаматтар несие алып, кейін оны қайтара алмайтынын біліп тұра, банкрот болуды мәселенің «оңай шешімі» ретінде қарастырады. Бұл – қаржылық ұйымдарға үлкен зиян келтіріп қана қоймай, жалпы несие жүйесіне деген сенімді әлсіретеді. Экономикасы дамыған елдерде банкрот болу – сирек әрі ауыр құқықтық салдары бар қадам.

Мысалы, Еуропа мемлекеттері бұл мәселені өткен ғасырдың 70–80 жылдары күрделі реформалар арқылы реттеп, халықтың қаржылық сауатын арттыруға, несие мәдениетін қалыптастыруға басымдық берді. Ал бізде, өкінішке қарай, бұл мәдениет әлі де қалыптасу үстінде. Несие алу – еркін таңдау ғана емес, үлкен жауапкершілік. Оны қайтару – азаматтық міндет. Мемлекет банкроттық арқылы әлеуметтік қорғаныс механизмін ұсынса да, оны теріс пайдалану – адал тұтынушылар мен қаржы жүйесіне жасалған қиянат.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Құқықтық кеңес беру – азаматтардың сауатын арттырып, мемлекеттік қызметтерді алу тәртібін тереңірек түсінуге жол ашады. Осы мақсатта Алматы қаласының Әділет департаменті әкімдікпен бірлесіп, «Халық заңгері» акциясын өткізді.

«ХАЛЫҚ
ЗАҢГЕРІ»
АКЦИЯСЫ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұл акция – халық пен мемлекеттік органдар арасындағы байланысты сенімді нығайтатын тиімді алаң. Іс-шара аясында тәжірибелі заңгерлер мен адвокаттар, Әділет департаментінің мамандары тұрғындарды толғандырған сауалдарға жауап беріп, бағыт-бағдар көрсетті.

Алматы қаласы Әділет департаментінің ресми өкілі Шынар Мақсатқызының айтуынша, бұл акция елімізде жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Ал биыл Алматы қаласында ұйымдастырылған шараның ауқымы бұрынғыдан әлдеқайда кеңірек. Акция үш бірдей жоғары оқу орнында – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, Д.Қонаев атындағы және Каспий университеттерінде ұйымдастырылды. Абай университетінде таңғы сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін өтсе, Қонаев және Каспий университеттерінде кешкі сағат 17.00-де басталды.



Абай университетінде өткен іс-шараға Алматы қаласының прокуратурасы, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, Әділет департаментінің бас мамандары, миграциялық қызмет, сондай-ақ қалалық басқармалар мен аудандық әкімдіктердің өкілдері қатысты. Барлығы 40-қа жуық маман тұрғындарға тегін заңды кеңес беріп, құқықтық көмек көрсетті.

«Түске дейінгі уақыттың өзінде 50-ден астам тұрғын әртүрлі мәселелер бойынша заңгерлерден кеңес алды. Жиі қойылған сұрақтар – әлеуметтік қамтамасыз ету, мүгедектік алу тәртібі, алимент өндіру, жеке сот орындаушыларына қатысты, шоттардың бұғатталуына байланысты және жер қатынастары төңірегінде болды», – деді Шынар Мақсатқызы.

Акция кезінде тұрғындарға құқықтық бағыт-бағдар беріліп, әрі қарай мәселені шешу үшін тиісті мемлекеттік органдарға немесе аудандық әкімдіктерге жүгіну қажетігі түсіндірілді. Екі университетте де мамандар тұрғындарға мемлекеттік қызметтің барлық бағыты бойынша кеңес берді. Бұған дейін акция өтетіні жөнінде ақпараттандыру шаралары әлеуметтік желілер, мемлекеттік органдардың ресми сайттары арқылы алдын ала жүргізілген болатын.

Айта кететін жәйт, «Халық заңгері» – ел көлемінде өтіп жатқан кең ауқымды республикалық акция. Алматы қаласындағы іс-шара бір күнге жоспарланған.



ТАҒЫМ

ТАРИХИ ЖАДЫНЫ САҚТАУ –

қоғам дамуының негізі



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Алматыда саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу рәсімі өтті

Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу рәсіміне қатысып, 1931–1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоғын қойды.



Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қарағайлы скверінде өткен еске алу іс-шарасына қоғам қайраткерлері, қуғын-сүргінге ұшырағандардың ұрпақтары,

сондай-ақ қаладағы жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

– Бүгін біз қуғын-сүргін мен ашаршылық кезінде қаза тапқан ата-бабалардың рухы алдында адами және азаматтық борышымызды өтеу үшін жиналдык. Бір минуттық үнсіздік – есте

сақтаудың, құрметтің және сабақ алудың белгісі. Біздің міндетіміз – өткеннің ауыр кезеңдерін есте сақтай отырып, бүгінгі бірлік пен бейбітшілікті бекемдеу, – деді Дархан Сатыбалды.

Саябақтағы ашқұрсақ сәбиін құшағына алған ананы және жердегі төңкерілген қазанды бейнелейтін мүсіндік композиция 2017 жылы орнатылған. Қасірет, күйреген тұрмыс пен халықтық трагедияны бейнелейтін монументтің авторлары – мүсіншілер Дулат Үсенбаев, Айдос Бүркітбаев және Қанат Бекұлы.

Тарихшылардың айтуларынша, 1930 жылдардың басындағы саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық салдарынан Қазақстанда 1,5 миллионнан астам адам қаза тапқан. Бұл күні еліміздің барлық өңірлерінде еске алу шаралары, көрмелер мен тақырыптық кездесулер өтуде.

Іс-шарада сөз алған Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы Ханкелді Әбжанов тарихи жадыны сақтау – қоғам дамуының негізі екенін атап өтті:

– Қуғын-сүргін мен ашаршылық қазақ халқы үшін аса ауыр сынақ болды. Біз халқымыздың бір бөлігін, мәдениетімізді, рухани тіректерімізді жоғалттық. Бұл оқиғалар туралы шындықты сақтау – өткен мен болашақ алдындағы тарихи жауапкершілік, – деді ғалым.

Рәсімге қатысушылар саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алып, мемориалға гүл шоқтарын қойды. Іс-шараның ресми бөлігі аяқталған соң Алматы әкімі қалалық мәслихат депутаттарымен және қоғам өкілдерімен әңгімелесті.

АДАМДАР. ЖЫЛДАР. ТАҒДЫРЛАР

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
ҰҒА академигі



ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБАЛАР,
БҰЛТАРТПАС ДЕРЕКТЕР

Тұрар Рысқұловтың 1932-1933 жылдары Сталинге, Молотовқа, Кагановичке, Мирзоянға, т.б. кеңес басшыларына жолдаған хаттары мен қызметтік жазбаларының танымдық, ақпараттық, ғылыми маңызы зор.

Біріншіден, бұл құжаттардан 30-жылдар басындағы ашаршылықтың бастаулары экономикалық, ең алдымен аграрлық саясаттағы қателіктерде жатқаны бұлтартпас деректермен дәйектелген. 1932 жылғы 29 қыркүйекте Сталинге хатында көрсетілгендей, 1928–1932 жылдар аралығында Қазақстандағы мал басы 83 пайызға, оның ішінде қой 88 пайызға, сиыр 86 пайызға азайған екен.

Екіншіден, ол ашаршылықтың қашан басталғанын нақты көрсеткен. 1933 жылғы наурызда Сталинге, басқа да Мәскеу басшыларына жолдаған екінші хатында қазақтардың басқа ауданға немесе республикадан тыс өңірлерге жаппай көшуі 1931 жылы басталғаны айтылады. Т.Рысқұловтың мәліметінше, 1933 жыл басында орта Волга аумағына босқан қазақтар 40 мың, Қырғызстанға ауғандар – 100 мың, Батыс Сібірдегілер – 50 мың, Қарақалпақтағылар – 20 мың екен. Тіпті, қалмаққа, Солтүстік өңірге, Қытайға ауғандар бар екені айтылады.

Үшіншіден, ашаршылықтың себеп-салдарын тереңінен талдаған Тұрар Рысқұлов алдымен қазақ халқының, содан кейін Кеңестер Одағының болашағын дөп басып болжады. Балалар арасындағы өлім-жітімнің өскенін, панасыз балалар тым көп екенін айтқанынан күні бүгінге дейін зардабы жойылмаған қазақ трагедиясын байқауымыз керек.

ЗОБАЛАҢ ЗАМАН ҚАСІРЕТІ

XX ғасыр басында Ресей империясында орын алған түбегейлі өзгерістер, ұлт-азаттық күресі мен Алаш қозғалысы, алпауыт мемлекеттер мен отар елдер арасындағы асқынған қайшылықтар Ұлы даланың интеллектуалды тарихын бұрын-соңды болмаған биік деңгейге көтерді. Тарих сахнасына туған халқының ғана емес, жеті жұрттың қамын жеген тұлғалар көтерілді. Осы жұлдызды шоғырда ерекше көзге түскен топжарғандардың бірегейі – Тұрар Рысқұлов еді. Қысқа ғұмырында ол бірнеше рет ашаршылық қасіретімен бетпе-бет келді. Зобалаң жылдарда кімнің дос, кімнің қас екені анық көрінді. Сын-қатерлер заманы Тұрардың көрегендік, қайраткерлік, жасампаздық қасиетін, қайтпас қайсар мінезін ашты.

ТҰЛҒАНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН
ТАРИХИ БАҒАСЫ

1932 жылғы 17 қыркүйекте ВКП (б) Орталық Комитеті «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы туралы» қаулы қабылдап, гуманитарлық апатты терең талдамастан, мезеттік аграрлық қиыншылықтармен бүркемелей салды. Партиялық басшылықтың қылмысы туралы бір ауыз сөз болған жоқ. Әрине, Т.Рысқұловтың құжаттары да осы сарында жазылды. Оның батыра айтқаны – жергілікті жерлерде партиялық шешімнің толыққанды жүзеге аспай жатқаны ғана. Бұл бұрмалауда Голощекиннің де кінәсі бар екенін жана-малап сынға алғанын айта кеткен жөн.

Шындықтың көзіне тура қарау керек. Бүгінгі қоғамдық санада Қазақстандағы ашаршылық қасіретін әшкерелеген Т.Рысқұлов деген пікір басымдыққа ие. Менің ойымша, бұл толық ақиқат емес. Әр затты өз атымен атаған субъект – қарапайым халық. 1929-1931 жылдары Ұлы далада жүздеген халық көтерілістері өтті. Көтеріліс басшылары Кремльге, билік органдарына ащы ақиқатты бүкпесіз ашқан мыңдаған хат жолдады. Оларда ұлт мүддесі ескерілмейтіні, тарих тағылымы аяқасты болғаны айтылды. Бірақ кеңестік жүйе шара қолданбады. Билік өз қолын өзі шаппайды ғой. Қара халықтың да, Рысқұловтың да көздегені – тоталитаризм туындатқан апаттан қазақ халқын сақтап қалу еді. Ал Т.Рысқұловтың еңбегі неде десек, ол – ақыл-ойын, билік ресурсын халқының игілігіне, болашағына жұмсағаны.

АШАРШЫЛЫҚТЫҢ АЩЫ АҚИҚАТЫ

Т.Рысқұлов басын бәйгеге тігіп Сталинді ақылға шақырып, ащы да болса

ақиқатты айтып, шырылдағанда халықтар көсемі де, ол құрған жүйе де міз баппады. 1932 жылғы 16 қазанда ВКП (б) Орталық Комитеті Саяси бюросының шешімімен 11 мың пұт астық экспортқа шығарылатын болды. Тапсырма орындалды. Қара бидайды экспорттаумен айналысқан одақтық шенеунік сол жылдары патриоттық сезімі өсіп, Мәскеудегі бастығына: «Шетел пролетариаты колхоз өндірісі қандай өнім бере алатынын білсін», деп жазыпты. Қазақ қасіретінен хабардар болса бұлайша «тебіренбес» еді.

Ресей ғалымдарына әлі күнге дейін ашаршылық тұсындағы адам шығынын азайта көрсету тән. Өкінішке орай, араларында қазақстандық әріптестеріміз де бар. Мәселен, 2012 жылы Мәскеуде 3 томдық «Голод в СССР. 1929-1934» кітабы жарыққа шықты. Осының 2-томында «Массовый голод и действия власти в условиях трагедии» тақырыбымен Қазақстанға қатысты 25 құжат беріліпті. Бұларда 1932-1933 жылдың ортасына дейін ауыл-селоларымызда 20 мыңдай адамның аштықтан өлгені көрсетілген. Әрине, ақиқаттан мүлде алыс ақпарат. Т.Рысқұловтың мәліметінше, 1930–1932 жылдар ішінде жалғыз Ақтөбе облысының халқы аштықтан 1 млн. 725 мыңға дейін азайған екен. Жан шошырлық басқа да статистика бар.

Жалпы, Рысқұловтың Сталинге алғашқы хаты 1932 жылғы 29 қыркүйекте жазылған екен. Бұған дейін қазақ трагедиясы негізінен аяқталған еді. Сондықтан біз Т.Рысқұловтың қызметін объективті түрде қайта қарастыруымыз керек. Қалай десек те, ол өз заманының қайраткер тұлғасы болған. Ұлт перзентінің еңбегін тәуелсіз Қазақстан ғалымдары мұра ретінде сақтап, зерттеп, одан ары дамытуы керек.

ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ

Смағұл ЕЛУБАЙ,
Қазақстанның халық жазушысы:

ҚЫРЫҚ ЖЫЛДА КӨРМЕГЕНДІ КӨРІППІЗ

Дүние жаралып су аққалы, ғасырдан ғасыр ауысып, қазақ қазақ болғалы біз не көрмедік, не көрдік?!

Тайқы маңдай тағдырдың тозағын да, азабын да көріппіз. Қазақ қазақ болғалы көргеніміз 1916–1956 жылдар арасындағы 40 жылда көргенімізге жетпейді екен. Осы 40 жылда көрмегенді көріппіз. Ұлт азаттық көтеріліс те осында. Ашаршылық та осында. Саяси қуғын-сүргін де осында. Осы кезеңде орын алған 3 ашаршылықтың орны, тіптен, бөлек. Өйткені, бұл үш ашаршылық қазақтың тұқымын тұздай құрта жаздады. Сұмдығы сол, ашаршылықтың 5 миллионға жуық құрбандары 70 жыл бойы жоқталмады, айтылмады. Иманы үйірілмеді, жаназасы оқылмады. Қызыл террор құрбаны болғандықтан.

Қызыл террор авторлары кім? Ленин. Сталин. Ленин тұсында 24 миллион, Сталин тұсында 30 миллиондай халық құрбан болды дейді тарих. Бұл империялық індет 1916 жылы басталып, Сталин әшкереленген 20-сөзге дейін созылды. Яғни қасіретті 40 жыл. Қазақ ғана емес, кеңес халқы түгел бастан кешкен нәубет. Бірақ қазақтай тең жартысынан айырылған халық жоқ. XX ғасырда бұндай геноцидті Гитлердің тепкісіне ұшыраған еврейлер ғана көріпті. 6 миллион адамынан айырылыпты. Сондықтан да 27 сәуір Израиль елі ұлттық қасіретін атап өтетін күн. Осы күні таңғы сағат 10-да бүкіл ел бойынша дабыл (сирена) сарнап қоя береді. 2 минут бойы сарнайды. Бүкіл еврей, жердегісі жерде, көктегісі көкте жүріс-тұрысты тоқтатып, 2 минут бойы қара жамылып қимылсыз тұра қалады. Жолда болса көліктерінен шығып, тік тұрып, геноцид құрбандарын еске алады. Ұлттық қасіретті мектептер, оқу орындары және әскери бөлімдер түгел атап өтеді.

Біз ашаршылық құрбандарын атап өтпек тұрмақ, 70 жыл бойы «ашаршылық» деген сөзді айта алмадық. Айтсақ, аузымызға ұрды. Өйткені, ашаршылық мойнына миллиондар қанын жүктеген компартияның тарихтағы ең ауыр қылмысы еді. Ашаршылық айтылса, бұл партия халық алдында қарабет болатын еді. Алайда, цензура ол қасіретті айтқызыбай, ауыздарды қанша құлыптағанымен, қызыл өкімет, бәрібір, халық қарғысына ұшырады. Халық қарғысы Кеңес өкіметін қалпақтай ұшырды.

Тарих алдында қарабет етті. Қара есекке теріс отырғызды. КСРО тарап кетті. Тәуелсіз Қазақстан қызылдар қиянатын айтудай-ақ айтты. Жазудай-ақ жазды. 1997 жылы Президент Жарлығымен 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні болып жарияланды. Содан бері бұл күн ресми түрде аталып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары халық тарихындағы қаралы жылдар құрбандарын айтып, жазып келеді. Мешіттерде жазықсыз жапа шеккендерге арналып дұғалар оқылады. Радио, теледидар қызыл террор құрбандарын еске алатын фильмдер, хабарлар таратады.

Алайда, бұл күні Израильдегідей бүкіл елде сирена сарнамайды. Бүкіл ел болып үнсіз іркіліп, 5 миллион ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандарын 2 минут еске алмайды. Мектептер мен жоғары оқу орындарында, әскери бөлімдерде жаппай ұлттық қасіретті ұлықтау дәрісі оқылмайды.

Бұл күні Астана, Алматы, Шымкент қалаларында ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш маңында ел жиналады. Гүл шоқтарын қояды. Қаралы жиындар өтеді. Қызыл террор құрбандарына арнап Құран оқылады. 31 мамыр күнгі осынау сауапты іс жалғаса бергей.

Оған қоса, осы күні бас муфти тікелей эфирде ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандары рухына арнап Құран оқыса, құба-құп болар еді. Өйткені, тікелей эфирде оқылған бұл Құранды бүкіл ел ұйып тыңдар еді. Кеңестік кезеңде жоқтаусыз кеткен жарты халық рухы бізден тек дұға күтері хақ. Дұғамыз сол миллиондар рухына жетері хақ. Өлі риза болып, тірі байып, Қазақстан Алланың шапағат-нұрына бөленері хақ. Құдай берсе, құлай береді.

Осылайша бодандық тұсында көрістанды көрген халық, бостандық тұсында гүлстанды көрсе, несі айып?! Тәуелсіздік тойы мәңгі тарқамай Қазақстан күндердің күнінде гүлстанға айналса, несі айып?! О бастан келе жатқан Алаш арманы осы. Айтпағымыз, ұлттың ұлы қасіретін ұлықтау күні, өз дәрежесіне сай өтсе екен дейміз. Өйткені, бұл біздің елдігімізге сын.

ЭКОНОМИКА

ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ:

жаңа зауыт қазығы қағылды

Мегаполистегі өндіріс драйверіне айналған Индустриалды аймақта кезекті зауыттың қазығы қағылды. «Sleipnir Tehnologies» ЖШС инвестор болып табылатын өндіріс орны автомобиль өндірісіне қажет арнайы лак-бояу шығаратын болады.

Нұрлан СҮЙІН

Алматы Индустриалды аймағында жаңа зауыт іргетасына капсула салу рәсімі өтті. Іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, зауыттың болашақ серіктесі «ASTANA MOTORS» компаниясының пезиденті Нұрлан Смағұлов, т.б. қатысты.

Жаңа жобаның инвесторы «Sleipnir Tehnologies» – Алматы Индустриалды аймағының резиденті. Зауыттың ерекше өнімін автмобиль жасау, ауыл шаруашылығы, құрылыс техникасын жасау зауыттары, жалпыөндірістік және автомобиль жолдарын белгілеу салалары өндіріске пайдалатын болады.

Себебі, зауыт ерекше, тозбайтын технологиямен лактар мен бояулар шығарады. Жобаның жалпы құны 11,058 млрд. теңге, 84 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Оған қоса, лак-бояу технологиясы мен колористикада жаңадан 6 мамандық пайда болмақ. Бұйыртса, зауыт Алматыда қалыптасып жатқан отандық өнім шығаратын автомобиль-



өндірістік кластерінің бір бөлшегі болмақ. Өндіріс орны жоғарғы технологиялық және заманауи жабдықтармен жабдықталмақ.

– Ерекше де бірегей өндіріс орнының іске қосылуы Алматыда автомобиль кластерінің қалыптасуы жолындағы маңызды қадам. Бүгінде автомобиль жасау өндірісі орташа есеппен жылына 20%-ға өсу қарқынын көрсетіп отыр.

Соңғы бес жылда бұл сала Алматы өндірісінің 30%-ын игерді. Қаламызда лак-бояу өндірісі зауытының ашылуы экономиканы диверсификациялау мен қайта өңдеу өндірісінің өрістеуіне ықпал етеді, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров.

Жаңа зауыттың өндірістік қуаты жылына – 6091 тонна, ол Қазақстанның ішкі сұранысының 11%-ын қамтамасыз етуі керек. Өндірістік технологиялар Қытай мен Нидерландтан келген әріптестердің көмегімен енгізілді. Осылайша Алматы өндірісіне жаңа зауыт қосылып, жаңа жұмыс орындары ашылмақ.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ТӨЛЕМСІЗ ҚЫЗМЕТ БОЛМАЙДЫ

Алматыда қарызы бар тұтынушыларға ыстық су беру тоқтатылуда

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС берешекті өндіру процесімен таныстыру мақсатында журналистер үшін арнайы пресс-тур ұйымдастырды. БАҚ өкілдері қаланың бірнеше нысанын аралап, ыстық су ажырату сәтін бақылауға мүмкіндік алды.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Берешегі барларға – қатаң шара

Алып шаһарда ыстық сумен жабдықтауға берешегі бар тұтынушыларға қатысты қатаң шаралар қабылдануда. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС мәліметінше, қала бойынша тұтынушылардың жылу және ыстық су үшін жалпы берешегі 2,1 миллиард теңгеден асып отыр. Қызмет көрсетуші мекеме 2025 жылдың басынан бері 360-тан астам абоненттің пәтерлерін ыстық судан ажыратқан.

Қазіргі таңда борышкерлердің қатарына 3300-ден астам тұрғын және заңды тұлға еніп отыр. Мамандардың айтуынша, берешегі бар тұтынушыларға қатысты әрекет ету тәртібі нақты алгоритмге сай жүргізіледі: алдымен ескерту жасалады, одан кейін ыстық су беру шектеледі, берешек өтелмеген жағдайда – толықтай ажыратылады. Қызмет тек қарыз толығымен өтелген соң және қайта

қосу қызметі үшін ақы төленгеннен кейін ғана қалпына келтіріледі.

Пресс-тур барысындағы біз барған алғашқы нысан – Жамбыл көшесі, 129 мекенжайында орналасқан қоғамдық тамақтану орнының жылу энергиясы үшін 1,49 млн. теңгеден астам берешегі бар. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-нің 1-санатты инженер-инспектор Данияр Махмұтов ыстық суды ажырату барысы туралы түсіндіріп берді:

– Бұл нысанның 1,5 миллионға жуық берешегі бар. Бұған дейін иесіне қарызды өтеу қажеттігі туралы ресми түрде ескерту жасалған. Бірақ төленбеді. Ажыратуға мәжбүрміз. Көрсетілген соманы толық өтеп, 86 мың теңге төлегенде ғана ыстық суды қайта қосамыз, – деді инженер-инспектор.

Ал Мыңбаев көшесіндегі әкімшілік ғимараттың берешегі 2,4 млн. теңгені құрайды. Розыбакиев көшесінде орналасқан жеке пәтерде тұратын азаматтың 2024 жылдың маусымынан бері төлем жүргізбегені анықталды. Бұл пәтердің жалпы қарызы 117 мың теңгеден асады. Жароков көшесіндегі супермаркет бойынша да қарыз тіркелген, алайда борыш орнында өтелгендіктен, су ажыратылған жоқ.

Сонымен қатар, биыл 891 банк шотына бұғат қойылған, ал 128 азаматтың шетелге шығуына шектеу енгізілген. Коммерциялық директор Бағдаш Нұрсейітовтың хабарлауынша, тұрақты төлем жүргізбейтін тұлғаларға қатысты сотқа талап-арыздар жолданып, олардың жылжымайтын және жылжымалы мүлгіне шектеулер қойылуда.



Ортақ жауапкершілік

«АЛТС» мамандары қаржылық қиындыққа тап болған азаматтардан жазбаша өтініш түскен жағдайда, әрбір жағдай жеке қаралатынын атап өтті. Берешек туралы ақпарат автоматты түрде Мемлекеттік несие бюросына жолданады. Компания өкілдері бұл – мәжбүрлі және ең соңғы шара екенін жеткізді. Бұған дейін борышкерлерге бірнеше мәрте ескерту жасалып, түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Алайда, нәтиже болмаса, ыстық су беру осылайша тоқтатылады. Кейбір жағдайларда пәтер иелері есік ашпаса да, сыртқы жылу камералары арқылы су беру жүйесі ажыратылады. Барлық әрекет бейнетіркегіш арқылы жазылады.

Компания мамандарының айтуынша, қазіргі таңда тұрғындар мен заңды тұлғалар тарапынан миллиондаған теңге көлемінде берешек жиналып отыр. Бұл жағдай жылу маусымына дайындық жұмыстарын едәуір қиындатып, жалпы жүйенің тиімділігіне кері әсерін тигізуде. Қаладағы жылу желілерінің тозу деңгейі бүгінде 56,1 пайызды құрайды. Сондықтан әрбір төлем мегаполистің инфрақұрылымының үздіксіз әрі сенімді жұмыс істеуіне тікелей ықпал етеді. Жылу жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі – барша тұрғындардың ортақ жауапкершілігі.

Осыған байланысты мекеме өкілдері тұтынушыларды өз міндеттеріне ұқыптылықпен қарап, төлемдерді уақытылы жүргізуге шақырады.

ӘЛЕУМЕТ

ЖҰМЫССЫЗ ЖАСТАРҒА ЖОЛ КӨРСЕТЕМІЗ

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен Жетісу ауданында бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтті.

Нұржамал ӘЛІШ

Бұл – мегаполистегі үздік компаниялардың өзіндегі бос жұмыс орындарын ұсынып, ынталы жастармен тікелей жүздесіп, диалог орната алатын маңызды алаң. Іс-шараға IT, қаржы, білім беру және басқа да салалардағы жетекші компаниялардың өкілдері қатысты. Олардың қатарында ірі корпорациялармен бірге болашағы зор стартаптар да бар.

«Айнабұлақ-1» ықшамауданындағы адам аяғы көп жүретін Арбат алаңында өткен жәрмеңкеде жастар өз түйіндемесін тапсырып, HR мамандарымен тікелей әңгімелесу мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, жұмысқа орналасуға қатысты пайдалы кеңестер мен бағыт-бағдар беру үшін арнайы ұйымдастырылған консультациялық бұрыштардың алды да бос болмады.

«Бұл – жыл басынан бері қалалық Мансап орталығы ұйымдастырып отырған жетінші жәрмеңке. Бүгінгі іс-шараға қырықтан астам мекеме қатысты. Ең басты мақсат – осы жоба арқылы жұмыс іздеп жүрген жастарға қолдау, жол көрсету, жұмыс табуына көмектесу.

Сондай-ақ, осы компаниялар өкілдерінің көмегімен шеберлік сабақтарын, семинар, дәрістер өткізудеміз. Нәтижесі жақсы. Негізі, бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне тек жастар қатысады деген шектеу жоқ, жұмыс іздеп жүрген ересектер де келіп қатыса алады», – дейді Алматы қалалық Мансап орталығының қызметкері Ақарыс Төребеков.



4 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

ҰЛТ РУХЫН БЕКЕМДЕЙТІН ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

Мемлекеттік рәміздер егемен елдің ең басты құндылығы әрі ұлтқа тиесілі бостандық рухының киелі нышаны. Елдік пен бірліктің, тарих пен тағылымның, болашаққа сенімнің көрінісі. Атаулы күннің мәні де осы нышандарды сана түбіне орнықтырып, әр азаматты отан-сүйгіштікке баулу сынды басты міндетте жатса керек.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мемлекеттік Тудың желбірегені – рухтың асқақтағаны. Көк аспан түстес Ту – бейбітшілік пен бірліктің нышаны. Ортасындағы күн мен қыран – жарқын болашақ пен еркіндіктің бейнесі. Ою-өрнек – ұлттық нақыш, тарихи тамыр. Көк Туымыз әлемнің қай бұрышында желбіресе де, қазақ баласының кеудесін мақтаныш кернейтіні сөзсіз. Мәселен, спорттық додаларда көк байрақ көтерілген сәтті елестетіңізші... Олимпиада ареналарында Туымыз көтеріліп, Әнұранымыз шырқалғанда, толқымайтын жүрек болмайды. Әлбетте, бұл – баршаға ортақ

рухани серпіліс, ұлттың бойына қуат беретін, жаһанға жар салар сәт.

Мемлекеттік Елтаңба – елдік пен тамырластықтың белгісі. Қос шеңбер ішіндегі шаңырақ – берекенің бастауы, бүтіндіктің бейнесі. Шаңырақтан тараған уықтар – бірліктің жебесі. Ал қос пырақ – еркіндікке ұмтылған халықтың болмысы. Бес бұрышты жұлдыз – болашаққа бағыт, алтын түс – байлық пен тұрақтылықтың рәмізі. Демек, Елтаңба – халықтың дүниетанымы мен дүниетүсінігінің көркем көрінісі. Одан қазақтың бүкіл болмысын, көшпенді рухын, дәстүрі мен тарихын көруге болады.

Мемлекеттік Гимн – елдің үні, халықтың жүрек лүпілі. Әнұран шырқалғанда, еріксіз еңсең көтеріледі, жүрек дүрсілімен үндесіп, жанарға жас үйіріледі. Әсіресе әлемдік арена-ларда, олимпиадаларда біздің ұлттық рухқа толы әніміз естілгенде, күллі халықтың жеңісі, тұтас ұлттың абыройын көруге болады. Әнұран – күнделікті мектеп қабырғасынан бастап, ең үлкен халықаралық форумдарға дейіншырқалатын асқақ үн. Ол – ұрпақты елін сүйге, Отанын құрметтеуге баулитын рухани тәрбие құралы.

4 маусым – бұл күн әрбір азаматқа рәміздерге құрметпен қарап, олардың аста-



рындағы ұлы мағынаға тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет жүрекпен сезілетін қасиет. Ол балаға балабақшадан бастап сіңірілуі тиіс. Демек, ұлттың бет-бейнесін бейнелейтін рәміздер әр жүректе орын алып, әр шаңырақта ілініп тұруы тиіс. Себебі, мемлекетке деген құрмет – оның рәміздеріне деген құр-

меттен басталады. Тәуелсіздігіміз бізге оңай келген жоқ. Оның әр нышаны – елдік пен ерліктің айнасы.

Мемлекеттік рәміздерді біз бойтұмар деп қабылдап, бүгінгі ұрпақтың борышы деп білуіміз керек. Өйткені ұлттық рәміздер – рухтың реңі, тәуелсіз елдің тамыры!

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

«ӘКЕЛЕР МЕН АНАЛАР МЕКТЕБІ»

отбасы мен мектеп арасын нығайтады

Алматыдағы Сапар Байжанов Атындағы №162 мектеп-гимназия шаңырағында «Саналы ұрпақ тәрбиесіндегі мектептің мәдени-тәрбиелік ортасы» деп аталатын ауқымды іс-шара өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш іс-шара білім ұясының жыл бойғы атқарған жұмысының есебі іспетті өрбіп, «Бала қиялы – ата-ана мейірімі» атты оқушылар мен ата-аналар жасаған бұйымдардың жәрмеңкесін тамашалаумен басталды. Іс-шара аясында «Әкем, анам және мен» эстафеталық жарысы ұйымдастырылды.

Қонақтар мен мен мектеп ата-аналары «Отбасым – қазынам» деп аталатын қатарға қаз-қатар қойылған бұйымдарды, «Отбасыммен бір кадрда» атты отбасылық фотосуреттер галереясын тамашалады. Әсіресе, мұндағы «Көне суреттер тарихы» жобасы қонақтардың ерекше назарын аударды. Бұл жобада оқушылар ата-аналарының өткен өмірі мен тарихи кезеңдерді зерделеп, өмірлік тәжірибе мен отбасылық естеліктерді құрметтеуді мақсат тұтқан.

Сондықтан бұл – тәрбиенің, тарихты құрметтеудің сабақтастығының айшықты көрінісі деп бағаланды. Жиынды қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Мұхтар Тәжібаев ашты. «Бүгін отбасы мен мектептің тандемін көрсеткен мазмұнды іс-шара өтіп отыр. Әрине, мектеп ұжымының өте көп жұмыс жасағаны көрініп тұр. Әсіресе, отбасылық құндылыққа терең бойлағаны байқалады. Осынау тәрбие жұмысының нәтижесінде балалардың шығармашылық қабілеті дамып, отбасылық құндылықтарға деген көзқарасы тереңдей түскені анық, – деді ол.

Аталмыш мектеп қабырғасындағы тағылымды семинар – тек тәрбиеге арналған іс-шара емес, бұл – ұлт болашағын нығайтуға бағытталған нақты қадам.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәуле ИЛЬЯСҚЫЗЫ,
С.Байжанов атындағы №162 мектеп-гимназия директоры:

Ұлттық тәрбие мен заманауи көзқарас үйлесімі

Бұл тағылымды кеш – бірлесе атқарылған тәрбиенің көрінісі. Ұлттың тамыры – мәдениетте, ал тәрбиенің бастауы – отбасымен үндескен мектепте екенін көрсетуге күш салдық. Семинарда көрсетілген әрбір іс-қимыл – жәй ғана қойылым немесе көрініс емес, бұл ел ертеңі үшін жасалған өнегелі сабақ. Бұл – ұлттық тәрбие мен заманауи көзқарастың үйлесімді тоғысуы. Тек осындай үндестік арқылы ғана біз болашаққа сенімді ұрпақ тәрбиелейтінімізді көрсеткіміз келді.



«Мектеп – оқушы – ата-ана» ұштағаны нағыз ұлттық тәрбиенің тұғырлы екенін көрсетіп берді. Семинардың негізгі мақсаты – мектептің мәдени-тәрбиелік ортасын жетілдіру арқылы білім беру мен тәрбиелеу үдерісін ұлттық құндылықтар негізінде ұйымдастыру болып отыр. Бұл, шын мәнінде, бүгінгі қоғам үшін аса қажет дүние. Саналы ұрпақ – ата-ана, мектеп және қоғам тәрбиесінің өзара үйлесімді байланысында қалыптасатынын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Ұйымдастырушылар да бұл шынайылықты іс жүзінде айғақтап берді.

Мектеп қабырғасындағы «Әкелер мектебі» – тәрбиеге жауапты қоғам тірегі саналады. Сонымен қатар, бұл педагогикадағы жаңа, сонымен бірге ежелгі дәстүрлерге сүйенген, маңызы зор жобалардың бірі ретінде ер азаматтардың бала тәрбиесіндегі рөлін күшейтеді, отбасы мен мектеп арасындағы көпірді нығайтады. Әкелер орындаған «Қара жорға» биі – тек ұлттық би ғана емес, ұлттың қуатын, қозғалыстағы рухтың бейнесін көрсетті.

Сонымен қатар, қонақтар мектептегі «Аналар мектебінің» жұмысына да жоғары баға берді. Бұл – мейірім мен парасаттың мекені. «Аналар мектебі» – жүрек пен жүректі жалғайтын, мейірім мен даналыққа толы алаң. Аналардың тек баланы тәрбиелеуші ғана емес, қоғамға бағыт беретін рухани көшбасшы екенін осы бала тағы бір дәлелдеді. «Аналар мектебінің» қойылымдары мен шеберлік сабақтары, ұлттық киімдерді дәріптеу, халық ауыз әдебиетіне құрылған тәрбие сағаттары – оқушылардың рухани дүниесін байытып, ата-анамен байланысын тереңдетіп, мектептің мазмұнын жаңаша бағытқа бастап отырғанын танытты.

Басқосуда «Аналар мектебі» мен «Әжелер мектебі» жұмысы сараланды. Кеш соңындағы «Мен – қазақпын!» атты сахналық қойылым да көрерменді терең толғандырды. Бұл қойылым – ұлттық рухты бойына сіңірген мектеп – ата-ана – оқушы үштігінің берік байланысын бейнелейтін рухани манифест. Қазақтың рухы – домбыраның үні, ананың әлдіі, баланың жанарындағы үміт.



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні Алматыда айрықша аталып өтті. Мерекеде қаламыз шын мәнінде балалардың қиял әлеміне, шабыттың шаһарына айналды. Іс-шаралар қаланың орталық алаңдарында басталып, әр ауданда түрлі мазмұндағы бағдарламаларға ұласты. Шаһар төріндегі Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова атындағы саябақта өткен BALA FEST. JARYQ SKILL FEST фестивалі мерекенің шымылдығын ашты.

«БАР МЕЙІРІМІМІЗ – БАЛАЛАРҒА!»

BALA FEST. JARYQ SKILL FEST

• Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды фестивалге арнайы келіп, бүлдіршіндермен жүздесті, әрі жас ұрпаққа арналған игі бастамаларға қолдау білдірді.

Фестиваль JARYQ деп аталатын бес тақырыптық бекет форматында ұйымдастырылған. Ондағы әрбір бекет бала дамуының маңызды қырларын бейнелейді. Айталық, Jastar – технология мен инновацияны, Arman – арман мен қиял әлемін, Rukh – руханият пен тарихты, Yntalyq – өнер мен шығармашылықты, Qabilet – мамандықтармен танысу және кәсіби бағыт-бағдарды бейнелеген.

Фестивальдің басты мақсаты – балаларға қызықты әрі пайдалы edutainment әдісін енгізу. Бұл әдіс балаларға жаңа білімді ала отырып оны қуаныш пен өмірлік тәжірибеге айналдыра алатын тиімді тәсіл саналады. Әсіресе, Qabilet бекеті ерекше әсер қалдырды.

Бұл – Жұмысшы мамандықтары жылы аясында ұйымдастырылған алаң. Мұнда балалар түрлі кәсіппен танысып қана қоймай, өздері де тәжірибе жасап, қол еңбегімен айналысып көрді. Осындай бастамалар арқылы еңбекке деген құрмет пен кез келген кәсіптің қадірін бала жасынан бойға сіңіруге жол ашылады.

– Біз саналы да талантты әрі әр ісіне жауапты жаңа ұрпақты қалыптастыратын бастамаларды қолдаймыз. Алматы – әр бала өзіне сенетін және арманына нық қадаммен жететін қала. Біз жай ғана қолайлы орта емес, әрбір бала өз әлеуетін ашып, арманының маңызды екенін және мүмкіндіктердің бар екенін түсінетін болашақты қалыптастырып жатырмыз деп санаймын, – деді Дархан Сатыбалды.

Қаладағы шығармашылық орталықтарынан, Оқушылар сарайы мен музыка мектептерінен келген балалар дайындаған шеберлік сағаттары мен перформанстары



фестивальге жаңа бояу қосты. Балалардың өз қолымен жасаған өнері мен креативі мыңдаған көрерменді шабыттандырды.

ТӘТТІ СЫЙЛЫҚТАР МЕН ЕСТЕЛІК ОЙЫНШЫҚТАР

• Алатау ауданында «Бар мейіріміміз – балаларға!» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпаққа қуаныш сыйлау, өнерге баулу және олардың көңілді жазғы демалысын жарқын сәттермен бастау. Мерекелік іс-шараға Алатау ауданының әкімі Талғат Мәлімбаев арнайы қатысып, бүлдіршіндерді және олардың ата-аналарын құттықтады.

Мерекелік концерттің шымылдығы ұлттық домбыраның әуенімен ашылды. Кеш барысында түрлі-түсті көбік шашу шоуы ұйымдастырылып, балалар ерекше қуанышқа бөленді. Ал сахна төрінде ән шырқалған сәттерде аула толқ көрермен бірге ән салып, мерекенің көтеріңкі көңіл күйін сезінді. Аия Павлованың орындауындағы «Мереке» әні мен трионың шырқаған «Қазақстан» әні көштің көркін аша түсті. Сондай-ақ, жас орындаушы Далабек Әбілмансұр «Бақытты бала» әнімен көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Бұдан да басқа жас өнерпаздар өз өнерлерімен тәнті етті. Іс-шара соңында ұйымдастырушылар балаларға тәтті сыйлықтар мен естелік ойыншықтар тарту етіп, концерттік кештің жалғасын цирк қойылымымен аяқтады.

МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР

• Алмалы ауданында түрлі мәдени-білім беру іс-шаралары ұйымдастырылды.

Солардың бірі – Махатма Ганди атындағы саябақта №4 кітапхананың қатысуымен өтті. Іс-шара балалар мен ата-аналарға арналған әртүрлі мәдени және танымдық бағыттағы бағдарламалармен ерекшеленді. Мерекелік іс-шара барысында балалар үшін шығармашылық шеберханалар ұйымдастырылып, олар өз қолымен түрлі бұйымдар жасап көруге мүмкіндік алды. Сонымен қатар, жас оқырмандарды қызықты көрмелер мен сүйікті жазушылармен кездесулер өтті. Қалалық кітапхана қызметкерлері арнайы букроссинг аймағын дайындап, балалар арасында кітап алмасу мәдениетін қалыптастыруды көздеді.

Алмалы ауданының Төтенше жағдайлар басқармасының аға анықтаушысы, аға лейтенант Бақберген Рүстем де мереке аясында қауіпсіздік шараларына назар аударуға шақырды.

– 1 маусым – Балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын! Жазғы демалыс басталды, бұл – балалардың бос уақытты табиғат аясында өткізу кезеңі. Осы ретте мен ата-аналарға өрт қауіпсіздігі ережелерін ұмытпай, оларды балаларға түсіндіруді сұраймын. Сонымен қатар, суға шомылу маусымының басталуына байланысты көлдер мен басқа да су қоймалары маңында қауіпсіздік шараларына аса мұқият болу қажет. Су – дос та, дұшпан да. Балалардың суға шомылу кезінде қауіпсіздігін бақылау – әрбір ата-ананың міндеті, – деді ол.

ЕРТЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕРІ ТҮГЕЛ КЕЛДІ

• Жетісу ауданындағы ең ауқымды іс-шара – «Almaty BALAFEST» қалалық балалар фестивалі.

Осынау фестиваль аясында ұйымдастырылған іс-шара «Құлагер» ықшам ауданының Арбатында өтті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Талғат МАЛЫБАЕВ,
Алатау ауданының әкімі:

Балалар – біздің болашағымыз

Бүлдіршіндеріміздің бақытты балалық шағы үшін жағдай жасау – әрбіріміздің азаматтық борышымыз. Президентіміз балалардың қауіпсіздігі мен білім алуы туралы әрқашан айтып келеді. Осы ретте бақытты балалық шақта өмір сүріп, өнегелі тәлім-тәрбие, жақсы білім алуларына барлық жағдай жасалған. Ауданымыздағы балабақшалар мен білім алатын орындар біздің болашағымыз – балалар үшін жұмыс жасауда. Бүгінгі мерекелік концерт – бүлдіршіндердің шат күлкісін естіп, жүздеріндегі қуанышты көру үшін ұйымдастырылды. Барша балаларға денсаулық, шаттық пен шабыт тілеймін!

Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА,
Жетісу ауданының әкімі:

Жүйелі жұмыстар жалғасады

Қазіргі таңда Алматыда балалардың қауіпсіздігі үшін бірнеше іс-шара қолға алынып, жүзеге асып жатыр. Мәселен, «Қауіпсіз мектеп», «Қауіпсіз аула», «Қауіпсіз су», «Қауіпсіз аймақ» сынды іс-шаралардың барлығы балалардың қауіпсіздігіне негізделген. Әсіресе, жаз маусымында түрлі келеңсіз жағдайлар орын алып жатады. Осындай жағдайлар болмас үшін қалалық әкімшілік нақты жұмыс жоспарын жасап, тиісті тапсырмалар берген еді. Қазір біздің аудандық әкімдік те осы мақсатта жүйелі жұмыстарды жүзеге асырып жатыр. Өйткені, баланың қауіпсіздігі – баршаға ортақ. Осынау мерекені пайдалана отырып, ата-аналарға «балаға бас-көз болайық» дегім келеді.

Бұл мерекелік іс-шараға Жетісу ауданының ең кішкентай тұрғындары жиналды. Әншейінде баланың күлкісі мен у-шуына толы алаң төрі бұл күні тіпті мерекенің көрігін қыздырып, нағыз думанға айналды.

Балаларды қуанту үшін арнайы театр әртістері, аниматорлар шақырылды. Түрлі ертегі кейіпкерлері де түгел келген сынайлы. Сонымен қатар, аудандық Оқушылар үйлерінің жас өнерпаздары да мерекеден тыс қалмай, өз өнерлерімен қуанта келді. Дәл осы күні барлық мерекке қатысушыларға тәтті шырын мен балмұздақ, басқа да сыйлықтар таратылды.

КИНО КЕШІ

• Наурызбай ауданы балалардың мерекесін өзгеше атап өтті. Мұнда арнайы «Кино кеші» атауымен амфитеатр ұйымдастырылды.

Бүлдіршіндерге «Моана 2» мультфильмі көрсетілді. «Алматы қаласы әкімдігі, Жастар саясаты басқармасының қолдауымен балалардың атаулы мерекесіне орай, әлемдік ең үздік топтамалар арасынан «Моана 2» мультфильмі ашық амфитеатр астында қойылды.



Мұндай игі істер жалғасын таба береді», – деді ұйымдастырушы Есен Әбдіхалық.

Үздік анимациялық фильмді көруге келгендердің қарасы өте көп болды. «Біз мультфильмді тамашалауға отбасымызбен келдік.

Ой-ниетіміз баланы бақытты ету. Өйткені, бақытты бала – болашақ мықты азамат, ел тірегі болады», – деді қала тұрғыны Тоғжан Анарбекқызы.

Әзірлегендер
Рая ЕСКЕНДІР,
Ааяжан СЕРІКҚЫЗЫ,
Олжас ЖОЛДЫБАЙ,
Досбол АТАЖАН,
Ернұр РЫСБАЙ.

Суреттерді түсіргендер
Самат ҚҰСАЙЫНОВ,
Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



БАЙҚАУ

Алматы қаласындағы колледж студенттері арасында «Балалар және интернет» бейнечелленджі өтті.

Бұл – интернеттегі қауіпсіздік тақырыбына арналған креативті видеороликтер байқауы. Іс-шара ҚР Оқу-ағарту министрлігі, ЮНИСЕФ және Еуропалық Одақтың қолдауымен жүзеге асқан «Кибер Тұмар» ақпараттық-ағартушылық жобасы аясында өтті.

Байқауға Алматы қаласының колледждерінде білім алатын 1–3-курс студенттері қатысты. Іс-шараны Алматы қаласы Білім басқармасына қарасты Алматы мемлекеттік бизнес колледжі ұйымдастырды. Байқаудың басты мақсаты – студенттердің цифрлық сауаттылығын арттыру, кибермәдениетті қалыптастыру, цифрлық гигиена дағдыларын дамыту және кибербуллингтен, фишингтен, зиянды контенттен қорғану жолдарын үйрету.

Колледждің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жұлдыз Құрманәлі іс-шараның маңызы жайында былай дейді:

– Қазіргі жасөспірімдер уақыттарының көп бөлігін цифрлық кеңістікте өткізеді.

БАЛАЛАР ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ

бейнечелленджі өз мәресіне жетті



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Сондықтан интернетте қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру – біздің тікелей педагогикалық міндетіміз. «Балалар және интернет» челленджі студенттер үшін шығармашылық алаң ғана емес, киберқауіптердің алдын алудың тиімді құралы іспетті. Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің осындай маңызды бастамаға ұйытқы болғанына қуаныштымыз. Барлық білім беру мекемелеріне белсенділік, креативтілік және бей-жай қарамағандары үшін алғыс айтамын. Мұндай жобалар жас таланттарды танытып қана қоймай, жастар арасында цифрлық жауапкершілікті де қалыптастырады деп сенемін.

Салтанатты іс-шара соңында байқау жеңімпаздары жарияланып, орындар белгіленді. 1-орын – Almaty Polytechnic College, 2-орын – Алматы энергетика және электрондық технологиялар колледжіне, 3-орын – Алматы автомобиль көлігі және сән индустриясы колледжі мен Алматы электромеханикалық колледжіне берілді.

Жеңімпаздар дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Белсенді қатысушыларға Алғыс хаттар табысталды.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«АҚ ТІЛЕКПЕН, БАЛАПАН ЖҮРЕКПЕН!» атты қайырымдылық акциясы өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесіне орай ерекше мазмұндағы қайырымдылық іс-шарасы ұйымдастырылды. «Әнші балапан» және «SOS:трагедия» қоғамдық қорларының бастамасымен өткен «Ақ тілекпен, балапан жүрекпен» атты акция №1 балалар үйінің онкологиялық аурулармен күресіп жүрген, ДЦП диагнозы бар балалар және «Әнші балапан» қорының балаларына арналды.

Іс-шарада «Мейірім де – ем. Біз болма-сақ, кім болмақ?» ұраны осы күннің негізгі рухын айқындап берді. Ізгілік пен жылулыққа толы бұл бастама арқылы қоғам назарын ерекше күтімді қажет ететін балаларға аударуды көздейді. Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде ұйымдастырылған мәдени іс-шара мерекелік концертпен басталды. Бағдарлама аясында балаларға арналған «Қысқы көбелектер» фильмі көрсетіліп, музей залдары бойынша экскурсия ұйымдастырылды.

«Әнші балапан» жобасының тарихына көз жүгіртсек, ол – тек балалар байқауы ғана емес, мәдени құбылысқа айналған ірі платформа. 1990 жылдан бері мыңда-

ған дарынды балаларды елге таныстырып, олардың өнер жолындағы алғашқы баспалдақтарына айналды. Дильназ Ахмадиева, Мадина Сәдуақасова, Алмас Кішкенбаев, Жанар Дұғалова сынды танымал әншілердің көпшілігі осы жобадан түлеп ұшқан. Жоба авторы және жетекшісі Роза Жанчурина балалар шығармашылығына адал қызмет етіп келе жатқан жан. Оның көпжылдық еңбегі мен шынайы жанаңырлығы арқасында «Әнші балапан» жобасы халықаралық деңгейге көтеріліп, Түркия, Франция, Германия, АҚШ сынды елдерде Қазақстан мәдениетін насихаттады.

Бағдарлама өзінің алғашқы күндерінен-ақ әлеуметтік осал топтағы балаларды қолдауға бағытталды. Ұлттық бірегейлікпен қатар көптілділікті, этникалық әралуандықты қолдап келе жатқан бұл бастама бүгінгі таңда мәдени және қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігіне айналды.

Қайырымдылық – қоғамның рухани деңгейінің көрсеткіші. Осындай ізгі іс-шаралар арқылы мейірім мен бірлікке негізделген қоғам қалыптасып, әрбір балаға жылулық пен сенім сыйлайды.

Ернұр РЫСБАЙ

АНА МЕН БАЛА

Әйелдің құрсағына бала біткеннен бастап, оның тағамдарға деген талғамы да өзгереді. Кірпияз бола түседі. Тіпті, бұрын мүлдем жегісі келмеген асқа тәбеті тартып тұруы да ғажап емес. Түн ортасында, ел қалың ұйқыда жатқанда сүйікті асын жегісі келетін әйелдер де болады.

Көкжалдың төс еті

Иә, аңыз-әфсаналардан оқығанымыздай, кейбір әйелдер қасқырдың, қабыланның, жолбарыстың, аюдың жүрегіне, сұңқардың көзіне жерік болып, күйеулерін айшылық алыс жерлерге жүгірткен. Жерігін қандырған аналардан туған балалар баһадүр батыр, ақылы асқан дана, тіліп сөйлер шешен болып өседі деп ырымдаған. Мәселен, Жалаңтөс батырдың анасы Ақтұмар көкжалдың төс етіне жерік болған деседі.

Ал бүгінгі әйелдердің жерік асының қатарында көбіне жеміс-жидектер мен көкөністер тұр. Әсіресе, тұздалған қияр мен қызанақтар жегісі келетіндер көп көрінеді. Одан кейінгі орындарда балық өнімдері тұр. Кәдуілгі топырақ-қа, аппақ борға, тіпті сыраға жерік болған келіншектерді де көрдік.

«Іштегі баланың көксігі»

Қыстыгүні «қарбыз жегім келіп тұр» деген әйелдерді айтсаңызшы бұрынғы! Ал қазір, жылдың төрт мезгілінде де бәрі табылады.

Әйел құрсағына біткен шарана тоғыз ай бойына анасының ағзасындағы дәрумендермен қоректене бастайды. Ал кейбір аналардың өн-бойындағы бар дәрумендер іштегі баланың өсіп-жетілуіне жетіспейді. Сөйтіп, енді ғана дамып, жетіліп келе жатқан шарана таба алмаған азығын ендігі жерде сырттан іздей бастайды. Осы кезде іштегі бала қажет еткен дәрумендерін анасы өз денесімен қамдап бере алмай, бала сұранысына қарай қажетті бір асқа жерік болады. Көксікті ас іздейді. Мұны ертеректе әжелереміз «ананың жерігі», «іштегі баланың көксігі» деп атаған. Ал қандай ас-ауқатқа жерік болғанын білмеген әйелді «итжерік» дейді. Бұрын жүкті әйелдің қалаған асын тауып беру енесі мен абысын-ажынының, күйеуінің міндеті болған. Жерік асын жеген әйелдің көңілі де жайлы болып, іштегі бала да жақсы дамыған.

Токсикоз деген не?

Аяғы ауыр әйелдерде токсикоз деген құбылыс та болады. Оның негізгі себебі – метаболизмнің (ағзадағы зат алмасу) бұзылуы. Токсикоздың екі түрі бар: алғашқы (ерте) токсикоз және соңғы (кеш) токсикоз.

ЖЕРІК АС

немесе «итжерік» деген не?



Алғашқы (ерте) токсикоз жүктіліктің алғашқы кезеңдерінде болады, ол 6-шы аптадан бастап 12-ші аптаға дейін созылады. Бұл ретте ағзаны әлсіздік жайлап, ұйқы басады, әйел күйгелек болып, аза бастайды. Әрі шамадан тыс лоқси береді. Дене қызуы көтеріледі, жүрек қағысы жиілейді. Жүктіліктің алғашқы жартысындағы токсикоз тек әйел үшін ғана емес, құрсақтағы баланың дамуына да кері әсерін тигізеді. Лоқсулардың салдарынан жүкті әйелдің ағзасы құрғап, балаға қажетті су мен қоректік заттардың мөлшері кеми түседі. Сондықтан алғашқы ток-сикозға тым жауапсыз қарамаған дұрыс дейді мамандар.

Кейбір жүкті әйелдерде токсикоз босанған уақытқа дейін жалғасуы мүмкін. Осы ретте мамандар токсикозды басу үшін жақсы, құнарлы тамақтану керек екенін айтады. Мейлінше көбірек сұйықтық ішкен абзал. Токсикозды басу үшін таза ауада көбірек серуендеуге де кеңес беріледі.

Екі адам үшін тамақтанады

Аяғы ауыр әйелдің айы артқан сайын, қарны да жиі аша беретін болады. Себебі, ол екі адам үшін тамақтанады. Тамағы дұрыс болған әйелдің іштегі баласы да жақсы

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Лиман МАРАТҚЫЗЫ, шаштараз, екі баланың анасы:

Бала – өмірдің мәні

Мен жерік ас тұрмақ, күнделікті алдымызда тұрған тамақтың бірін де аузыма сала алмадым. Токсикоз өте қатты болды. Қара су да өтпеді тама-ғымнан. Ішкенімді ішкендей сыртқа шығарып тастайтынмын. Өзім жаңа түскен келінмін, үйден бір жағымсыз иіс бар сияқты сезіліп тұратын, қатты қысылғанмын сонда ата-енемнен. Бірақ мені үлкендер жақсы түсінді.

«Ондай болады бәрінде, алаңдама» деп жұбата-тын. Енем күні-түні жанымда болды, система салып отырды. Сол түтікшемен тамақтанып отырдым.

Сыртқа шығуға күш-қуатым жоқ, 50 киле салмақтан 42 килеге бір-ақ түстім. Есікті іштен бекітіп алып, жылайтынмын. Құрсағымдағы сәбиге алты ай болғанда барып токсикозымның беті қайтты. Өмірге сәбиім келгенде, қиналған күндерімді тез-ақ ұмытып кеттім. Бала – отбасы сәні, өмірдің мәні.

дамиды. Тек тамақтанғанның жөні осы екен деп, тоғыз айда жинау керек салмақтан артық салмақ қосып алма-ған дұрыс.

Сөз соңында қазақы ырым-тыйымдар туралы бірер сөз. Жаңа түскен келін киім-кешегін қысқартса, нәрестесі кем туады немесе түсік тастайды деген ырым бар. Түсік тастамасын деп, жас әйелдің көйлегінің етегін бүріп қоя-тын болған. Екіқабат әйелдің күні жақындаған кезде «жер ана, күш-қуат бере ғөр» деп жалаң аяқ жүргізген. Жас босанған немесе аяғы ауыр әйел түнде суға бармайды. Екіқабат әйелге пышақ, ара, қайшы ұстатпайды. Уақыты-нан бұрын босанып қалмасын дегені.

Толғағы қатты болады деп екіқабат әйелге толарсақ жегізбеген. Әйел босанар кезде үйдегі сандықты босатып қояды, сонда тез босанады деп ырымдаған. Босанып жатқанда жеңіл болсын деп, қыздың көйлегінің шетін жыртып «жол ашу» ырымын жасайды немесе ұлдың шал-барының балағын тіліп қоятын да ырым болған.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

АЛМАТЫЛЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР

аяқ-қол кемістігінің зардабын тартып жүрген бірнеше балаға күрделі ота жасады

№2 қалалық балалар клини-калық ауруханасында сирек кезде-сетін аяқ-қол кемістігіне шалдыққан бірнеше балаға күрделі ота жасал-ды. Операция барысында бұрын-соңды қазақстандық клиникаларда қолданылмаған эксклюзивті техно-логиялар пайдаланылды.

Шеберлік сабағы шеңберінде жа-салған оталарға қол-табан микрохи-рургиясы саласында әлемге танымал маман, ресейлік профессор Игорь Голу-бев жетекшілік етті. Клиникалық жағы-нан қай-қайсысы да сирек кездесетін ауруларға жасалған бірегей операция-ларға №2 ҚБКА Травматология және ортопедия бөлімшесінің меңгерушісі Ерлан Садырбалин, балалар хирургы Ұлжан Солтанбекова қатысты.

● **АДЕЛЬ** мен анасын осыдан екі жыл бұрын жүргінші жолағынан өтіп бара жатқан кезде көлік қағып кеткен. Анасы қатты жарақат алмаған, ал дөңгелек астында қалып қойған 6 жасар қызы-ның аяғын кесіп тастауға тура келіпті. Оның үстіне, саусақтары да қатты за-қымданған. Халықаралық шеберлік са-бағы барысында бүлдіршін кезекті

хирургиялық ем алып, дәрігерлер оның саусақтарының пішінін қалыпқа келтіру-ге күш салды.

● **ШЫНТАС** деген балақай да ота үстеліне жатқызылды. Ол 2020 жылы шомылып жүріп көпірден суға секірген. Сол жақ иығын соғып, омыртқасына, жүйке жүйесіне зақым келген, сол қолы жансызданып салбырап қалыпты. Со-дан бері балаға екі рет күрделі ота жа-салған. Шеберлік сабағы барысында тағы бір хирургиялық ота жүргізілді.

● **НҰРӘЛИ** баланың ата-анасы оның оң жақ қолындағы үш саусағының қи-мылдамай қалғанын 2022 жылдың жазында аңғарған. Саусақтың қозғалы-сын қалпына келтіру үшін оған да шұғыл түрде ота жасалды.

● **РАТМИР** де сәтті отадан өтті. Оның ата-анасы баланың сол қолының қиса-йып кеткенін осыдан екі жыл бұрын жазда білген. Өкінішке орай, ісік салда-рынан қолдың өсуі тежеліп, бүгінде оң қол сол қолдан 5 см қысқа, ал дер кезін-де ота жасалмаса Ратмирге бір қолдан айырылып қалу қаупі төніп тұр. Сондық-тан бұл балаға да қолдың ұзындығын қалпына келтіруге бағытталған рекон-струкциялық ота жасалды.

БРИФИНГ

БІР РЕТ КАЛЬЯН ШЕГУ – 100 ШЫЛЫМ ШЕККЕНМЕН ТЕҢ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Роза ТӘТИЕВА, Алматы қалалық Психикалық денсаулық орталығы директорының орынбасары:

Темекі тамырды тарылтады

Темекі мен вейп жүрек-қан тамыр жүйесіне зиян, яғни никотин тамырлар-ды тарылтады. Созылмалы жөтел, брон-хит және астма өршиді. Жүктілік кезіндегі қауіп – гормондық бұзылуларға әкелуі мүмкін. Иммуитет әлсірейді, сондықтан шылымқорлар жиі ауырады.

Кей жастар кальянды қауіпсіз деп қабылдайды. Алайда, сарапшылардың айтуынша, бір рет кальян шегу – 100 темекі тартқанмен тең. Оның түтінін-де никотин, шайыр және ауыр металдар-дың мөлшері темекіден 3–5 есе көп бо-луы мүмкін. Кальянды жабық бөлмеде шеккенде, оның түтіні инфекциялық ау-рулардың таралуына жағдай жасайды. Ал бір мүштікті бірнеше адамның қолда-нуы – жұқпалы аурулар үшін тікелей жол. Кальян – ағзаны улайтын құрал ғана емес, жастарды тәуелділікке итер-мелейтін әлеуметтік құбылыс. Ол темекі-ден де қауіпті екенін жастар білсе дейміз.

Оның айтуынша, темекіден бас тартқан жастардың саны артып келеді. Көпшілігі спортпен айналысып, шығармашылыққа бет бұрған. Алайда, спикер вейп пен элек-тронды шылымға әуестердің де көбейіп жатқанын, бұл өнімдердің әсіресе жасөспірімдер арасында кең тарағанын да атап өтті.

Қалада никотин өнімдерінің таралуына қарсы бағытталған бірнеше жүйелі бастама қолға алынған. Атап айтсақ, «Вейпсіз жас-тық» жобасы мен жасөспірімдер мен ата-аналарға арналған ақпараттық кампания қолға алынған. Вейп-шоптарға және каль-ян-барларға рейдтер ұйымдастырылады.

Темекіден бас тартқысы келетіндер үшін еліміздің емханаларында кеңес беретін 86 кабинет арнайы ашылған. Ғалымдардың айтуынша, никотин жасөспірімнің есте сақ-тау қабілетін әлсіретеді; күйзеліске бейімділігін арттырады; тәуелділікке жыл-дам әкеледі.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.



СҰХБАТ

ДІН МЕН ДӘСТҮР –

қос қанатымыз!

Қазақ елі өзін зайырлы қоғам деп әлемге жариялады. Дейтұрғанмен, діни құндылықтарды тыс қалдырмасымыз анық. Өйткені, адамның сенімі ешқашан жоғалмайды. Ең бастысы – ұлттық менталитетті ұмытпай, жаһандану процесіне жұтылып кетпей, өзіміздің дара жолымызбен жүру парызы.

Қоғам – сан түрлі. Күніне мың түрлі қылық, жүз түрлі мінез көретін болдық. Таңдануға да уақыт қалмай барады. Үнемі арпалыс, күн-көріс. Қарбаласып жүріп, жұмыр-басты пенде де болдырады. Жүрегі серпілтіп, көңіліне медет іздеген кезде халық аузы дуалы, сөзі мен ісі қабысқан, зиялы қауымға қарай бет бұрады. Өйткені, елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтау, кем-кетігін түзеу өте жауапты игі іс. Осы орайда, ел арасындағы түйткілді дүниелерге қатысты ел-жұтқа мәшһүр, белгілі дінтанушы, психолог, елордадағы «Ырыскелді қажы» мешітінің бас имамы Нұрлан қажы Байжігіт-ұлымен сұбелі сұхбат құрған едік.

Кеменің қос ескегі

– Жұртшылық дін мен дәстүр ұғымдарын үнемі салыстырып жатады. Бұдан қоғамда дәстүрлі және діни құндылықтар арасында тартыс болып жатыр деуге бола ма?

– Дін мен дәстүрдің дәуірі сонау Тәуке ханның тұсында басталады, яғни жүздер мен рулардың әрқайсысы өздерінің жөн-жоралғыларын алға тартып, талас-тартыс, салт санасу, әр жаққа тартқылау басталған тұста, үш жүздің басы Ұлытауда бірігіп, руға бөліну тоқтатылып, ортақ дәстүрді шегелейді. Жүректерге иман, даламызға азан, шаңырақтарға намаз келеді, аталарымыз сақал қойып, әжелеріміз кимешек киеді. Жүректеріне «ұят болады», «жаман болады», «обал болады» деген үш жүздің үш ауыз сөзімен Құдайды енгізіп, дәстүрді осы үш сөзбен өрбітеді. Иә, бүгінде сол дәстүрдің озығы мен тозығы бар, тек, заманына қарай жаңартып, жасартып, жаңғыртып отыру керек. Ал кейбір ырым-ты-йым, әдеп-ғұрпымызға, ұлттық аспабымызға, қазақы дүниетанымымызға қарсы шығып, шабуыл жасап жүргендер білсін, бұл өздеріне өздері қарсы шыққандары. Дін мен дәстүрдің одағына бірнеше ғасырлар өтті, халыққа пайдасын тигізді, сондықтан олар бір-бірімен салыстыруға келмейтін біздің қос қанатымыз, кеменің қос ескегі.

– Жақында діни қайырымдылық шарасында «Жәннатқа жолдама сатылды» деп қалды. Ислам танымындағы Жәннаттың үкімі адамдардың «сатуы» қазіргі қоғамдық санаға қандай месседж таратып отыр?

– Жолдаманы бәлкім серпін ретінде айтқан болуы керек. Десе де, Алланың монополиясындағы жәннат пен тозақ біздің күнделікті барып-келіп жүретін кинотеатрымыз емес. Олар – үмітіміз бен үрейіміз. Ал үмітті ақшамен, байлықпен, басқамен ешкім сатып ала алмайды, тіпті, жомарттығымыз да билеттікке жарамауы мүмкін. Өйткені, жәннаттың есігін амалымыздан бұрын пейіліміз, содан кейін көркем мінезіміз әрмен амалымыз ашады, оны кезінде Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз баса айтып кеткен: Алла Тағала сіздердің сұлулықтарыңызға, байлықтарыңызға қарамайды. Жаратқан сіздердің жүректеріңіз бен істеген істеріңізге қарайды.

– Дін өкілдері, имамдар жамағатын мешіт-медресе құрылысына көмек беруге шақырып жатады. Елімізде мектептер жетіспейтін өңірлер де бар. Мешіт-медресе салу мен мектеп салудың қайсысының сауабы көбірек?

– Сауабынан бұрын санына келейік, яғни Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасына қарасты елімізде 2716 мешіт, 1 университет, 1 имамдардың білімін жетілдіру институты, 9 медресе, 2 қарилар орталығы бар. Ал осы оқу орындардың басым көпшілігін сауап іздеген салиқалы азаматтар салды әрі ішінде халықтың да қайырымдылық қаражаттары бар.

